



Алаш қозғалысының 90 жылдығын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 маусымдағы N 624 Қаулысы

Алаш қозғалысы қайраткерлерінің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алаш қозғалысының 90 жылдығын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері:

1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) 2008 жылғы 1 желтоқсанға Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне Жоспардың орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2008 жылғы 20 желтоқсанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 26 маусымдағы
N 624 қаулысымен

бекітілген

Алаш қозғалысының 90 жылдығын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

р/с N	Іс-шаралар атауы	Орындалуына жауаптылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көзі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	"Алаш" арналған деректі дайындау қозғалысына тақырыптық фильм	МАМ	2008 жыл, қараша	Республикалық бюджет	025 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша 1,6 млн. теңге

2.	"Алаш" қозғалысының қайраткерлеріне арналған облыстық театрдың қойылымын жүзеге асыру	Шығыс Қазақстан облысының әкімі	2008 жыл, IV тоқсан	Жергілікті бюджет	1,2
3.	"Алаш мұрасы" атты көркем әдебиеттер сериясын шығару	МАМ	Жыл бойы	Республикалық бюджет	017 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару" бюджеттік бағдарламасы бойынша 15,0 млн. теңге сомасында
4.	"Алаш" қозғалысының қайраткерлеріне арналған тақырыптық почта маркаларын (блогтарын) шығаруды ұйымдастыру	АБА	2008 жыл, қараша	Талап етілмейді	
5.	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында "Алаш" қозғалысының 90 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция өткізу	МАМ, БҒМ	2008 жыл, қараша	Республикалық бюджет	018 "Ішкі саяси тұрақтылық және қоғамдық келісім саласында мемлекеттік саясатты жүргізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қаражаты шеңберінде, 1,9 млн. теңге сомасында
6.	"Алаш" қозғалысына арналған өңірлік	Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан	2008 жыл, қазан - қараша	Жергілікті бюджет	Шығыс Қазақстан облысы - 2,5,

	ғылыми-теориялық конференциялар өткізу	облыстарының әкімдері			Б а т ы с Қазақстан облысы - 0,7
7.	Елді мекендерге, көшелерге және оқу орындарына "Алаш" қозғалысы қайраткерлерінің есімдерін беру мәселесін ономастикалық комиссиялардың отырыстарында басым түрде қарау	М А М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2 0 0 8 ж ы л , маусым - қараша	Т а л а п етілмейді	
8.	Т а р и х ы " А л а ш " қозғалысы өкілдерінің өмірі және қызметімен байланысты қалалар мен елді мекендерде мемориалдық тақтайшалар орнату	Б а т ы с Қ а з а қ с т а н , Қ а р а ғ а н д ы облыстарының әкімдері	2 0 0 8 ж ы л , IV тоқсан	Ж е р г і л і к - ті бюджет	Б а т ы с Қ а з а қ с т а н облысы - 1,2, Қ а р а ғ а н д ы облысы - 3,0
9.	"Алқа" шығармашылық ұйымының қызметіне арналған дөңгелек үстел өткізу	Қ а з а қ с т а н Ж а з у ш ы - л а р одағы	2 0 0 8 ж ы л , қазан	Т а л а п етілмейді	
10.	А т а у л ы күнге орайластырылған поэзия, проза, әуен және бейнелеу өнері номинациялары бойынша республикалық шығармашылық конкурсына ұйымдастыру және өткізу	Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н облысының әкімі	2 0 0 8 ж ы л , қараша	Ж е р г і л і к - ті бюджет	3,8
11.	Республикалық және облыстық мұражайларда "Алаш" қозғалысына және қайраткерлеріне арналған тақырыптық көрмелер ұйымдастыру және өткізу, экспозицияларды ресімдеу	М А М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Ж ы л бойы	Т а л а п етілмейді	
12.	Оқу орындарында "Алаш" қозғалысына және қайраткерлеріне арналған тақырыптық сынып сағаттары мен кештерін, шығармалар конкурстарын өткізу	БҒМ	2 0 0 8 ж ы л , қыркүйек - қазан	Т а л а п етілмейді	
13.	"Алаш" энциклопедиясын дайындау жөнінде арнайы жұмыс тобын құру және оның жұмыс жоспарын бекіту	М А М , БҒМ	2 0 0 8 ж ы л , қараша	Т а л а п етілмейді	

14.	"Алаш" қозғалысының қайраткерлеріне арналған іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету	МАМ	2008 жыл, мамыр - желтоқсан	Республикалық бюджет	025 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" бюджеттік бағдарламасы бойынша 3,0 млн. теңге сомасында
Жиыны:				Республикалық бюджет	21,5 млн. теңге
				Жергілікті бюджет	12,4 млн. теңге

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МАМ - Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ - Білім және ғылым министрлігі

АБА - Ақпараттандыру және байланыс агенттігі